



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

Өзенмұнайгаз АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды. Мердігердің тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, тауар шығарылған жердің атауын және өндірушінің атауын, сондай-ақ мынадай жағдайларды қоспағанда, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін көрсететін өзге де мәліметтер және / немесе құжаттар көрсетуіне жол берілмейді: 1) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен толықтыру, жете жаратқандыру, біріздендіру немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде жоспарлы жөндеу (қажет болған жағдайда), негізгі (белгіленген) жабдықтар үшін сатып алу; 2) тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының бейрезидентімен өнім беруші ретінде жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындауы үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу және осы шартта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ өзге де сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге не өндірушіге тиесілігін айқындайтын мәліметтер және (немесе) құжаттар.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырысшы Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптары негізінде орындалған Жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

2. АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Шартта төмендегі анықтамалар қолданылады:

2.1.1. «Апат» Мердігер/Қосалқы мердігер Персоналының іс-қимылы және/немесе олқылықтары нәтижесінде орын алған, Жұмысты қалыпты және қауіпсіз технологиялық режимде жалғастырудың мүмкін болмауына әкеп соғатын оқиғаны білдіреді.

2.1.2. «Орындалған жұмыстар актісі» Мердігердің Жұмыстардың барлығын және/немесе бір бөлігін орындауы фактісі және тиісінше Тапсырыс берушінің осындай Жұмыстардың нәтижелерін қабылдауы туралы куәландыратын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы екі тарап қол қоятын электрондық құжатты білдіреді.

2.1.3. «Кепілдік мерзімі» Жұмыстардың нәтижелерін пайдалану кезінде осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстардағы Тапсырыс беруші анықтаған ақауларды немесе жарамсыздықты Мердігер өз есебінен және өз қаражатымен түзетуге міндеттенетін кезеңді білдіреді.

2.1.4. «Жұмыстардың басталу күні» Күнгізбелік кестеде айқындалған күнді білдіреді. Бұл ретте, Жұмыстар басталатын күнде Мердігердің Күнгізбелік кестеге сәйкес Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін дайын Мердігердің Персоналы, Материалдары мен Жабдықтары болуы тиіс.

2.1.5. «Жұмыстардың аяқталу күні» Мердігер Жұмыстардың нәтижелері туралы есепті ұсынатын және Тараптар осы Шарт бойынша қорытынды Орындалған жұмыстар актісіне қол қоятын күнді білдіреді.

2.1.6. «Демобилизация» Ізденіс жұмыстарын жүргізу кезінде Жұмыс алаңынан Мердігер/Қосалқы мердігер Персоналын, Мердігер Жабдықтарын толық шығаруды білдіреді.

2.1.7. «Шарт» Шарттың осы талаптарын, сондай-ақ Тараптардың өзара келісімі бойынша Шарттың ажырамас бөлігі ретінде Тараптар арасында ресімделетін қосымшаларды, келісімдерді, кепілдіктері мен міндеттемелерді білдіреді.

2.1.8. «Ізденіс жұмыстары» Жұмыстардың құрамдас бөлігі болып табылатын және жергілікті жерді топографиялық түсіруді, картографиялық жұмыстарды, топырақ құрамын тексеруді және Тапсырыс берушінің келісімімен Жұмыс алаңында Мердігер/Қосалқы мердігер орындай алатын өзге де жұмыстарды білдіреді.

2.1.9. «Ішкі құн» - өндірілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің жалпы көлеміндегі ішкі





нарықта өндірілген тауарлар мен орындалған жұмыстар мен қызметтердің пайызы.

2.1.10. «Қүнтізбелік кесте» Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Шарт бойынша Жұмыстардың басталу күнін, Жұмыстарды орындау кезеңдері (бөлімдері) бойынша бөлуді, жекелеген Жұмыс түрлерін орындау кезектілігін, жекелеген Жұмыс түрлерін орындау мерзімдерін, тұтастай осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімдерін, сондай-ақ тұтастай осы Шарт бойынша Жұмыстар мен Жұмыстардың жекелеген кезеңдерін орындау құнын айқындайтын қосымшаны білдіреді.

2.1.11. «Құпия ақпарат» осы Шарттың талаптарын, кез келген уақытта Тарап екінші Тарапқа не осындай Тараптың атынан жазбаша нысанда, сызбалар, карталар, компьютерлік бағдарламалар түрінде немесе кез келген өзге нысанда ұсынған не Мердігер Жұмыстарды орындау процесінде жасаған немесе сатып алған кез келген білімдерді, деректер мен ақпаратты, сондай-ақ осындай көздерден алынған барлық білімдерді, деректер мен ақпаратты білдіреді, егер осындай білімдер, деректер мен ақпарат оларды ұсыну, жасау немесе сатып алу сәтінде:

2.1.11.1. жалпы қолжетімді білімнің немесе әдебиеттің бір бөлігі болып табылмаса.

2.1.12. «Тұлға» кез келген жеке тұлғаны немесе кез келген нысандағы кез келген заңды тұлғаны не мемлекеттік органды немесе ведомствоны не олардың аумақтық бөлімшесін білдіреді.

2.1.13. «Мердігердің Материалдары мен Жабдыктары» Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстарды тиісінше орындау үшін Мердігер/Қосалқы мердігер ұсынатын немесе ұйымдастыратын жабдықты, шығыс материалдарын, басқа да материалдар мен қызметтерді білдіреді.

2.1.14. «Жұмылдыру» Ізденіс жұмыстарын орындау үшін қажетті Мердігер, Қосалқы мердігерлер Персоналының және Мердігердің Материалдары мен Жабдыктарының Жұмыс алаңына келуін, сондай-ақ Шарт бойынша Ізденіс жұмыстарын бастауға дайын жай-күйді білдіреді.

2.1.15. «Шарттың жалпы сомасы» Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындардың құнын қамтитын және Шарт талаптарында айқындалған Жұмыстардың толық құнын білдіреді.

2.1.16. «Қалдықтар» Шарт бойынша Ізденіс жұмыстарын орындау барысында пайда болған шикізаттың, материалдардың, өзге де бұйымдар мен өнімдердің қалдықтарын, сондай-ақ өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан тауарларды (өнімдерді) білдіреді.

2.1.17. «Персонал» Мердігердің/Қосалқы мердігердің (бұл ретте Мердігер/Қосалқы мердігер Персоналы деп аталады) және/немесе Тапсырыс берушінің (бұл ретте Тапсырыс берушінің Персоналы деп аталады) басшыларын, лауазымды тұлғаларын, қызметкерлерін білдіреді.

2.1.18. «Тапсырыс беруші өкілі» - мемлекеттік органды немесе ведомствоны не олардың аумақтық бөлімшелерін қоспағанда, Тапсырыс беруші Жұмыстарды жүргізуге, Жұмыстар көлеміне және Шарт талаптары бойынша басқа да мәселелерге байланысты барлық мәселелерде оның мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген және Мердігер кез келген уақытта Жұмыс алаңына рұқсат беруге міндеттенетін Тұлғаны білдіреді. Осы Шарттың мақсатында, сондай-ақ осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің өкілі «Супервайзер» деп аталуы мүмкін.

2.1.19. «Мердігер өкілі/Жауапты тұлға» - мемлекеттік органды немесе ведомствоны не олардың аумақтық бөлімшелерін қоспағанда, Мердігер тағайындаған және Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қатысты барлық істер бойынша Мердігер мүдделеріне өкілдік етуге барлық өкілеттігі бар Тұлғаны білдіреді.

2.1.20. «Қолданыстағы заңнама» Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының барлық кодекстерін, заңдарын, заңға тәуелді актілерін, қағидаларын, ережелерін, қаулыларын білдіреді.


2.1.21. «Жоба» сызбаларды, графикалық және мәтіндік материалдарды, инженерлік есептерді қамтитын және технологиялық, табиғат қорғау, экономикалық және өзге де шешімдер, сондай-ақ Жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуге арналған сметалық есептер көрсетілетін құжатты білдіреді.

2.1.22. «Жұмыстар» жобалық-ізденіс жұмыстары мен операцияларын, сондай-ақ Шарт бойынша Мердігер орындайтын Ілеспе қызметтерді білдіреді.

2.1.23. «Жұмыс алаңы» рұқсат етілген алаң шегіндегі учаскені немесе учаскелерді және/немесе қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші келісімімен Мердігер Шарт талаптары бойынша Ізденіс жұмыстарын жүргізуге құқылы болатын Тапсырыс берушінің эрекетті өндірістік объектілерін білдіреді.

2.1.24. «Жұмыстар нәтижесі» Тапсырыс беруші бекіткен және мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар, Техникалық спецификацияда көзделген, Мердігер тиісінше орындаған және Шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші қабылдаған барлық жұмыстардың нәтижесінде әзірленген Жобаны білдіреді.

2.1.25. «Ілеспе қызметтер» Мердігердің Жұмыстарды тиісінше орындауын қамтамасыз ететін қызметтерді, яғни технологиялық процестің, өнертабыстың мәнін сипаттауды, жұмыс тәжірибесін беруді және Мердігердің Жұмыстарды тиісінше орындау үшін





қажетті кез келген басқа да міндеттерін қамтитын кез келген басқа да қосалқы қызметтерді білдіреді.

2.1.26. «Жұмыстарды орындау мерзімі» Шарттың талаптарына сәйкес Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылмаған жағдайда, Жұмыстардың басталу күнінен бастап Жұмыстардың аяқталу күніне дейінгі кезеңді білдіреді.

2.1.27. «Қолданылу мерзімі» - Шарт талаптарына сәйкес Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылатын жағдайларды қоспағанда, Шарттың күші болатын Шарт талаптарында көрсетілген кезең.

2.1.28. «Тарап» қолданылатын жерде Тапсырыс берушіні немесе Мердігерді жеке және бірге білдіреді.

2.1.29. «Қосалқы мердігер» осы Шартты орындау шеңберінде Жұмыстардың бір бөлігін орындау үшін Мердігер тартқан кез келген тұлғаны білдіреді.

2.1.30. «Техникалық спецификация» - Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Жұмыстарды орындаудың мазмұны мен нысанына қойылатын талапты, Жұмыстарды өтеу тәртібі мен орындау мерзімдерін және Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қойылатын өзге де талаптарды қамтитын қосымша.

2.1.31. «Үшінші тұлға» - Тапсырыс берушіні немесе Мердігерді қоспағанда, кез келген тұлғаны білдіреді.

2.1.32. «Сараптама» Жобаны әзірлеудің қорытынды кезеңін білдіреді, ол Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша және оның есебінен мемлекеттік құзыретті орган немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес аккредиттелген ұйымдар жүргізетін мемлекеттік нормативтердің шарттары мен талаптарына сәйкестігін/сәйкес еместігін белгілеу арқылы Жобаның сапасын бағалауды жүргізуде негізделеді.

2.1.33. «Жұмыстар кезеңдері» - Шарт бойынша Жұмыстарды орындау процесіндегі аралық операциялар кешені.

2.1.34. «Тәртіп» - «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ-мен және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде, меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалармен алуларды жүзеге асыру Тәртібін білдіреді.

3. Түсіндірулер

3.1. Шартқа байланысты бір Тарап екінші Тарапқа беретін барлық тапсырмалар, инвойстар, шоттар, шот-фактуралар, құжаттық Орындалған Жұмыстар актілері, хат-хабарлар, құжаттар (соның ішінде, шектеусіз, салық салу мақсаттары үшін қажетті құжаттар), хабарламалар, келісімдер, рұқсаттар, келісулер және растаулар Шартта көзделген тәртіппен ресімделеді және жеткізіледі.

3.2. Жекеше түрдегі сөздерге сілтемелер, егер олардың мән-мәтінінде өзгеше көзделмесе, көпше түрдегі сөздерге де қатысты және керісінше.

3.3. Тарапқа сілтемелер сондай-ақ осындай Тараптың құқықтық мирасқорларына да қатысты.

3.4. Ай(лар)ға немесе күнге(лерге) сілтемелер Григориан күнтізбесіндегі күнтізбелік айларды немесе күнтізбелік күндерді білдіреді; жұмыс күндеріне сілтемелер сенбі, жексенбіден басқа кез келген күнді, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес демалыс күндері болып белгіленген күндерді білдіреді. Қазақстан, оның барысында Қазақстан Республикасының банктері өздерінің күнделікті қызметі үшін ашық.

3.5. Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің және басқа да заттардың тізбесіне сілтеме жасай отырып, «қоса алғанда» деген сөздің кез келген қолданылуы «қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмейді» дегенді білдіреді.

3.6. Әрекеттер бірнеше күн ішінде жасалуы мүмкін екендігі немесе міндетті түрде жасалатыны туралы кез келген ереже немесе ескертпе осындай әрекеттерді жасауға құқық немесе міндеттеме туындаған күндегі жергілікті уақыт бойынша сағат 00:01-ден бастап көрсетілген күндер ішінде жасалуы мүмкін екендігін немесе міндетті түрде жасалатынын білдіреді.

3.7. Шарт мәтінінде бас әріппен қолданылатын, бірақ осы Шарттың 2.1. тармағында анықтамалар берілмеген басқа терминдер оларға Шарт мәтінінде берілген мағыналарға ие.

3.8. Шарттың баптары мен тармақтарының тақырыптары ыңғайлылық пен сілтемелер үшін ғана пайдаланылады және ешқандай жағдайда да Шарт ережелерінің мәніне немесе түсіндірілуіне әсер етпейді.

4. ЖҰМЫСТЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

4.1. Ізденіс жұмыстарын қажет болған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатымен орналасқан кен орнында (участкеде, блокта) орындай алады.

4.2. Мердігер мәртебесі:

4.2.1. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер Жұмыстардың орындалуын бақылау және басқару құқығымен тәуелсіз





мердігер ретінде әрекет етеді, осы Шарт шеңберінде Жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау тәртібін, тәсілдері мен әдістерін реттейтін Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына (олар болған кезде) сәйкес қауіпсіздік техникасының, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына сәйкес Жұмыстардың нәтижелері мен орындалатын Жұмыстардың тәртібі мен реттілігін қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

4.2.2. Тапсырыс берушіде орындалатын Жұмыстарды қадағалау және тексеру мақсатында қолжетімділік, бақылау және инспекциялау құқығы сақталады және Тапсырыс беруші орындалатын Жұмыстардың барысын кез келген тәртіппен, кез келген уақытта және өз қалауы бойынша, Тапсырыс берушінің қызметкерлерін тарту арқылы немесе өзге түрде инспекциялауға құқылы, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін анықтау үшін кез келген уақытта Мердігердің Материалдары мен Жабдығына қолжетімділік болады.

4.2.3. Жұмыстың көлемі мен сапасы Шарт талаптарына сәйкес келмесе немесе оның талаптарына сәйкес орындалмаса, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерге хабарлайды, ал Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде ақаулар мен кемшіліктерді жояды және Жұмыстың Шарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

4.2.4. Тапсырыс беруші Өкілінің қатысуы, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан инспекциялар мен бақылау Мердігерді оның Шарт бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігінен босатпайды.

4.2.5. Мердігер Шарт бойынша барлық міндеттемелерді Шарт талаптары мен Қолданыстағы заңнама талаптарын сақтай отырып, өзінің тәуекелі мен жауапкершілігі үшін өз есебінен және өз қаражаты есебінен (Мердігер Персоналына, материалдарға, жабдыктарға, машиналарға, механизмдерге қатысты кез келген сипаттағы төлемдерді, жалақыны, сыйлықақыны, сақтандыруды және әлеуметтік төлемдерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) орындайды.

4.2.6. Мердігер өзінің Қосалқы мердігерлерінің, Қосалқы мердігерлер Персоналы мен өкілдерінің кез келген әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін мұндай әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді Мердігердің өзі жасағандай, толық көлемде жауапты болады. Кез келген Қосалқы мердігерлік шарты Шарттың ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

4.2.7. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін Шарттың ережелері мен талаптарына, Тапсырыс берушінің нұсқауларына, жобаға және Күнтізбелік кестеге, сондай-ақ Шарттың талаптарында көрсетілгендей Техникалық спецификацияға сәйкес Жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз тәртібін сақтай отырып, тиісті құлшыныспен және еңбексүйгіштікпен орындауға міндеттенеді.

4.3. Жұмыстарға қойылатын талаптар:

4.3.1. Мердігер/Қосалқы мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды Лицензияның негізінде Күнтізбелік кестеге және Техникалық спецификацияға қатаң сәйкестікте орындайды.

4.3.2. Мердігер Жұмыстарды Техникалық спецификацияға, қолданыстағы заңнама талаптарына, сондай-ақ осы Шарт шеңберінде жекелеген Жұмыстарды орындау тәртібін, тәсілдері мен әдістерін реттейтін Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына (олар болған кезде) сәйкес орындайды.

4.3.3. Техникалық спецификациядан басқа, Мердігерге Жобаға байланысты бастапқы материалдар, сондай-ақ Мердігерге жобалау үшін қажетті өзге де бастапқы деректер мен ақпарат берілуі мүмкін.

4.3.4. Мердігер Жобаны Тапсырыс берушімен келістіруге байланысты жұмыстарды орындайды.

4.3.5. Жобаны Тапсырыс берушімен келістіру оның техникалық кеңесімен жүзеге асырылады, оны қарау нәтижелері бойынша Жобаның Техникалық спецификацияға және Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы құжат беріледі. Мердігер әзірленген Жобадан басқа Тапсырыс берушіге бастапқы деректерді, түсіндірме жазбаны (болған жағдайда), Мердігердің Жауапты адамының Жобаның Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес әзірленгені туралы жазбаларын, сондай-ақ әзірленген Жобаға қатысты өзге де ақпаратты береді. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші Жоба бойынша тиісті шешім қабылдау үшін Мердігерден қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

4.3.6. Қандай да бір ескертулер болған жағдайда, Тапсырыс беруші әзірленген Жобаны Мердігерге пысықтауға қайтаруға құқылы, оның нәтижелері бойынша Жобаны Тапсырыс берушінің техникалық кеңесі қайта қарайды.

4.3.7. Жоба бойынша оң қорытынды шығару және оны бекіту үшін Тапсырыс беруші өз бастамасы бойынша Жобаны (оның бөлімдерін) қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдармен келістіруді жүзеге асырады.

4.3.8. Жоба бойынша оң қорытынды шығару және оны бекіту үшін Тапсырыс беруші өз бастамасы бойынша Жобаны (оның бөлімдерін) қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдармен келістіруді жүзеге асырады.

4.3.9. Тапсырыс берушімен және тиісті мемлекеттік органдармен жоғарыда көрсетілген келістірулерден өткеннен кейін, сондай-ақ Тапсырыс беруші Сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін Мердігер жұмыстардың нәтижесін Тапсырыс берушіге Шарттың 17-бөлімінде көзделген тәртіппен береді.

5. Шарттың құны және төлеу шарттары





5.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

5.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

5.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

5.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Мердігер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

5.4.1. Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванс төлемі (алдын ала төлем) келесі құжаттың (тардың) негізінде _____ мерзімге төленеді:

5.4.1.1. Төлем шоты;

5.4.1.2. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету

5.4.1.3. Шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейінгі қолданылу мерзімімен, аванстық төлемнің тиісті сомасына жасалған, Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша қағаз тасымалдағыштағы аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдігі. (мыналардан басқа: - «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ холдингіне кіретін ұйымдар; - сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер ұйымдары (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар); - сатып алу заты сақтандыру қызметтері, электр энергиясы немесе жанар-жағармай материалдары болып табылатын жағдайлар (Тапсырыс берушінің шешімі бойынша); - сатып алу категориялық стратегиясында басқаша қарастырылған жағдайлар.)

5.4.1.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) тиісті күнтізбелік жылға арналған сатып алу сомасынан Шартқа №1 қосымшада көрсетілген мөлшерде төленеді.

5.4.1.5. Аванс (алдын ала төлем) қайтаруды қамтамасыз ету көрсетілген мерзімдерде ұсынылмаған жағдайда, шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші жасалған шарттың талаптарында айқындалған мерзімдерде аванс төлемей жүргізеді.

5.4.1.6. Шартта көзделген жұмыстардың барлығы немесе бір бөлігі орындалмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге тиісті түрде орындалмаған және Тапсырыс беруші қабылдаған Жұмыстардың құнын шегере отырып, аванстық төлем сомасын қайтаруға міндетті.

5.5. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

5.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

5.5.2. Шот-фактуралар;

5.5.3. Орындалған жұмыстарды қабылдау - тапсыру актісі;

5.5.4. Мердігер мен Тапсырыс берушінің орталық аппараты арасындағы өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті төлем/есеп айырысу үшін).

5.5.5. Жұмыстардың құны туралы анықтама (құрылыс-монтаждау келісімшарттары үшін)


5.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

5.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

5.8. Нақты орындалған Жұмыстар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке алумен орындалады.

5.9. Аралық төлем аванстық төлем сомасын пропорционалды ұстап қалу ескеріле отырып, нақты орындалған Жұмыстар көлемі негізінде Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген мөлшерде жүргізіледі.

5.10. Түпкілікті төлем/есеп айырысу Шарт бойынша Мердігер міндеттемелерді 100% орындағаннан кейін жүргізіледі.





5.11. Егер шартта ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау көзделген болса, тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуға жол беріледі. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20% аспауға тиіс.

5.12. Қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші ҚР-да тұрақты мекемесі жоқ бейрезидентпен жасалған Шарттың жалпы сомасынан жеткізілген Тауар/орындалған Жұмыстар үшін төлем сәтінде төлем көзінде табыс салығын ұстап қалады. Бұл ретте Тапсырыс берушіден алған Өнім берушінің/Мердігердің кірістерін салық салудан толық немесе ішінара босату мақсатында, Өнім беруші/Мердігер жеткізілген Тауар/орындалған Жұмыстар үшін ақы төлегенге дейін Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес осы мақсаттар үшін талап етілетін құжаттарды ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы мен Өнім берушінің/Мердігердің резиденттік елі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық келісімнің ережелерін қолдануға құқылы.

5.13. Шот-фактура есепті кезеңнен кейінгі айдың 4-күнінен кешіктірмей қол қойылған Жұмыстарды қабылдау актісінің түпнұсқасы негізінде Тапсырыс берушінің Қазынашылық департаментінде тіркелуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде толтырудың дұрыстығын тексеруге жатады. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Шарттың нөмірі көрсетілуі, сондай-ақ <http://kmgp.kz/rus/supplierscontractors/barcode/> веб-сайтында жасалған штрих-код ұсынылуы тиіс.

5.14. Мердігер Тапсырыс берушіге Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактураны, Тараптар қол қойған Жұмыстарды қабылдау актісімен және Жұмыстар құны туралы анықтамалармен бірге есепті айдан кейінгі айдың 4 (төртінші) күнінен кешіктірмей шарт талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар бойынша Тапсырыс берушіден алынуы тиіс сомаға ұсынады.

5.15. Жұмыстарды қабылдау нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Жұмыстарды қабылдау актісіне қол қояды не Мердігерге осындай бас тарту себептерін, анықталған кемшіліктерді көрсете отырып, Жұмыстарды қабылдау актісіне қол қоядан бас тарту туралы хабарламаны ұсынады.

5.16. Шот-фактураларды ұсыну:

5.16.1. Мердігер Тапсырыс берушіге Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактураны, Тараптар қол қойған Жұмыстарды қабылдау актісімен және Жұмыстар құны туралы анықтамалармен бірге есепті айдан кейінгі айдың 4 (төртінші) күнінен кешіктірмей шарт талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар бойынша Тапсырыс берушіден алынуы тиіс сомаға ұсынады.

5.16.2. Жұмыстарды қабылдау нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Жұмыстарды қабылдау актісіне қол қояды не Мердігерге осындай бас тарту себептерін, анықталған кемшіліктерді көрсете отырып, Жұмыстарды қабылдау актісіне қол қоядан бас тарту туралы хабарламаны ұсынады.

5.16.3. Шот-фактура (Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі жоқ резидент еместер үшін төлемге шот (шот-фактура)) орындалған Жұмыстар актісі негізінде және Ағымдағы салық талаптарына сәйкес жазылуы тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасы.

5.17. Өзара есеп айырысу туралы ереже:

5.17.1. Осы Шартпен Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шартта, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге де шарттарда көзделген өз міндеттемелерін Мердігердің орындамағаны және(немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық шарттар бойынша Мердігерге тиесілі ақшадан кез келген сомаларды, оның ішінде төленген аванстарды біржақты тәртіппен ұстап қалу құқығын береді. Шарттық міндеттемелерді орындамауды/тиісінше орындамауды; шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кестелерінің бұзылуын; есептелген айыппұлдарды, өсімпұлдарды және өзге де тұрақсыздық айыбын; шарттар бойынша Өнім беруші/Мердігер алған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді; шарттар бойынша өзара есеп айырысуларды жүргізуді растайтын құжаттар ұстап қалу үшін негіз болып табылады.

5.17.2. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші ұстап қалатын сомалар жеткіліксіз болған кезде Мердігер жетіспейтін соманы Тапсырыс берушіден тиісті шотты алған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде төлеуге міндеттенеді.

5.18. Салықтар:

5.18.1. Мердігер Шарттың орындалуына байланысты кез келген юрисдикцияда Мердігерге және Мердігердің Персоналына мемлекеттік органдар өндіріп алатын немесе салатын барлық салықтар, лицензиялық төлемдер, импортқа баждар мен алымдар, кедендік төлемдер үшін, соның ішінде, қолдануға болатын жерде, Мердігерге қандай да бір төлемдерді жүзеге асыру кезінде Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші ұстап қалатын кез келген салықтар үшін ақы төлеуге немесе төлемді қамтамасыз етуге және жеке дара жауапкершілік қабылдауға келіседі.

5.18.2. Мердігер Тапсырыс берушіні жоғарыда көрсетілген салықтарға, төлемдер мен баждарға қатысты кез келген шығыстарға, шығындарға, талаптар мен міндеттемелерге, соның ішінде пайыздар мен айыппұлдарға қатысты жауапкершіліктен босатуға, қорғауға және оқшаулауға міндеттенеді және Мердігердің Тапсырыс берушіге өтемақы төлеуі нәтижесінде пайда салығы мен қосылған құн салығының сомаларын ескере отырып, Мердігер тарапынан қандай да бір бұзушылық нәтижесінде Тапсырыс берушіден төленуі талап етілуі мүмкін кез келген соманы Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.





5.18.3. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Қолданыстағы салық заңнамасында көзделген тәртіппен Тапсырыс берушіге жұмыстарды өткізуден түсетін айналымдар бойынша қосылған құн салығының тиісінше есептелуін және төленуін растауға міндеттенеді.

5.18.4. Мердігердің Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарында белгіленген жағдайларда өтемақы төлеуі Тапсырыс беруші Шарт бойынша Мердігерге тиесілі кезекті төлемдердің тиісті сомаларын ұстап қалу жолымен және Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге шарттар болған кезде не шот алынған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде ұсынылған шоттың негізінде жүзеге асырылады.

6. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

6.1. Жұмыстар құны және есеп айырысу тәртібі.

6.2. Шарттың жалпы сомасы тіркелген болып табылады және Шарттың қолданылу кезеңі ішінде ұлғаю жағына қарай өзгертуге жатпайды.

6.3. Егер Мердігердің өзінің, Мердігер Персоналының, Мердігер Өкілінің, Қосалқы мердігерлердің, олардың Персоналының кінәсінен орын алған болса, бос тұрып қалу немесе уақытты артық жұмсау, сондай-ақ Апатты жою салдарынан туындайтын Мердігердің барлық шығындарын Тапсырыс беруші төлемейді.

6.4. Шарттың жалпы сомасына мыналар қосылған, бірақ мұнымен шектелмейді: - құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны; - Персоналды жұмылдыру/демобилизациялау және Мердігер Жабдықтары мен Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды монтаждау/демонтаждау шығындары; - қоршаған ортаны қорғау бойынша шығындар, оның ішінде Жұмыс алаңын қалпына келтіру құны, Мердігердің Жұмыс алаңындағы қызметі нәтижесінде пайда болған Қалдықтарды әкетуге және кәдеге жаратуға және/немесе сақтауға/көмуге арналған шығындар; - қажетті шығыс материалдарының құны; - Мердігер Персоналын және Қосалқы мердігер Персоналын Жұмыс алаңына және одан тасымалдауды ұйымдастыруға, тұруға, тасымалдауға байланысты шығыстар; - Ілеспе қызметтердің құны; - осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға байланысты Мердігердің өзге де шығыстары.

6.5. Тапсырыс беруші Шартта тікелей көзделгеннен басқа қандай да бір төлемдерді жүргізбейді.

6.6. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қойған кезде Мердігер хабарламада көрсетілген кемшіліктерді Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде өз есебінен жоюға, осындай жоюды көрсете отырып, Орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс берушіге беруге міндетті, ал Тапсырыс беруші жұмыстар тиісінше орындалған жағдайда Жұмыстарды қабылдауды жүргізеді.

7. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

7.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2-қосымшаларында белгіленеді.

7.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.

8. Талаптардың құқықтары мен міндеттері

8.1. Мердігер міндеттенеді:


8.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

8.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігердің аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тарту жағдайларын және Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша _____ аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін қолданылу мерзімімен авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізу. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі.

8.1.3. Тапсырыста белгіленген Тәртіппен жоба алдындағы және (немесе) жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамада индустриялық-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында өкілетті мемлекеттік органмен қалыптастырылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және олардың жеткізушілерінің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарды, жабдықтарды, бұйымдарды және құрылымдарды атау. * тармақ жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу кезінде қолданылады.

8.1.4. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебін электрондық құжат нысанында ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады).

8.1.5. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен анықталған Жұмыстарда кемшіліктерді жою.





- 8.1.6. Шарт бойынша Жұмыстардың сапалы орындалуын және олардың орындалу мерзімдерінің Күнтізбелік кестеге және Техникалық спецификацияға сәйкестігін қамтамасыз етуге.
- 8.1.7. Жұмыстарды осы Шарттың талаптарына сәйкес тиісті түрде және мерзімдерде, сондай-ақ Шартта және оған Қосымшаларда көзделген талаптарда толық көлемде орындауға.
- 8.1.8. Қажет болған жағдайда Жұмыс алаңында Ізденіс жұмыстарын, сондай-ақ Техникалық спецификацияда көрсетілгендей және/немесе Мердігердің Шарт бойынша Жұмыстарды орындауы үшін қажетті басқа да жұмыстарды орындауға.
- 8.1.9. Өзірленген жобаны Тапсырыс берушімен келістіруге.
- 8.1.10. Кейіннен жеке шарт жасасу арқылы Жобаның іске асырылуына авторлық қадағалау жүргізуді ұйымдастыруға.
- 8.1.11. Қазақстан Республикасында төленуге жататын барлық төлемдерді, салықтарды және басқа да алымдарды қоса алғанда, Мердігер Персоналына қатысты барлық шығыстарды өтеуге.
- 8.1.12. Апаттарға, қоршаған ортаға, Персоналға залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін барлық оқиғалар және Жұмыстарды уақтылы, сапалы, толық орындамауға әкеп соғуы не осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауды мүмкін етпейтін өзге де жағдайлар туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға, осы ретте осы Шарттың 13-бөлімінде көзделген тәртіппен ақпаратты кейіннен жолдай отырып, Тапсырыс берушіге барынша жедел хабарлауды қамтамасыз ететін кез келген нысанда дереу хабарлауға. Осы Шарт бойынша Жұмыстар барысында және оларды үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Мердігер осындай жағдайлар мен мән-жайларды реттеу бойынша өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті.
- 8.1.13. Жұмыстардың нәтижелерін, сондай-ақ Ізденіс жұмыстары бойынша есептерді (олар болған жағдайда) Тапсырыс берушіге Күнтізбелік кестеде көрсетілген мерзімде және осы Шарттың 17-бөлімінде көзделген тәртіппен беруге.
- 8.1.14. Жұмыстар нәтижесін Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға бермеуге.
- 8.1.15. Тапсырыс берушінің Өкілдеріне Мердігердің Материалдары мен Жабдықтарына еркін қол жеткізу құқығын беруге, осы Шарттың ережелеріне және қауіпсіздік техникасы саласындағы нормативтерге сәйкес Тапсырыс беруші Өкілдерінің тиімді және қауіпсіз қызметі үшін өзінің иелігіндегі барлық шараларды қабылдауға.
- 8.1.16. Құпия құжаттарды қоса алғанда, Жұмыстарды орындау барысында өзі алған барлық ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Мердігердің және өзінің Қосалқы мердігерлерінің Персоналы үшін жауапты болуға.
- 8.1.17. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Тапсырыс беруші көрсеткен нысандар бойынша және мерзімдерде есептер ұсынуға. Мердігердің мұндай деректерді ұсынудан бас тартуы осы Шарттың талаптарын бұзу болып табылады және осы Шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші тарапынан оны біржақты мерзімінен бұрын бұзу үшін негіз болады;
- 8.1.18. Жұмыс алаңында тәртіпті және Жұмыс алаңына Тапсырыс берушінің Өкілдерін және Тапсырыс беруші тағайындаған өзге тұлғаларды жіберуді қамтамасыз етуге. Жұмыс алаңында бөгде адамдардың, алкогольдік, есірткілік және өзге де масаң күйдегі Мердігер/Қосалқы мердігер Персоналының болуына жол берілмейді.
- 8.1.19. Шарт жасалған сәттен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде Шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше орындау үшін қажетті Жұмыс алаңын қоса алғанда, Тапсырыс берушінің кен орындары аумағында қозғалғанда пайдаланылатын өз көлігін техникалық құралдармен (GPS терминалдармен) жарактандыруға. Мердігердің көлігінде орнатылатын GPS терминалдары Тапсырыс берушінің GPS мониторингінің бірыңғай жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуі тиіс (техникалық шарттарды Тапсырыс беруші Мердігердің сұрау салуы бойынша ұсынады). Шарттың осы тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына, соның ішінде Жұмыс алаңына кіруден бас тартылуы мүмкін, бұл ретте, Мердігер Шарт бойынша Жұмыстардың тиісінше және уақтылы орындалуына жауапты болады.
- 8.1.20. Мердігер Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде әрекет ететін, өзі тартатын Қосалқы мердігерлердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін талап етілетін, қолданыстағы заңнамада көзделген сақтандырудың барлық түрлерін сатып алуға және сатып алуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл міндеттеменің орындалмауы ешбір жағдайда Мердігерді осы Шарт бойынша кез келген міндеттемелерден босатуға қызмет етпеуі тиіс. Егер келтірілген залал немесе зиян үшін жауапкершілікті Мердігердің сақтандыру компаниясы кез келген себеппен жоққа шығаратын болса немесе Мердігерде өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті сақтандыру полистері болмаса, онда Мердігер мұндай бас тарту немесе сақтандыру полисінің болмауы нәтижесінде туындаған кез келген жауапкершілік, наразылықтар, сот талқылаулары, залал, зиян, шығындар мен шығыстар үшін жауапты болады және Тапсырыс беруші олардан қорғауға, оқшаулауға және босатуға тиіс. Мердігер кез келген Қосалқы мердігерден осы Қосалқы мердігер орындайтын жұмыстарға қатысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес сақтандырудың барлық түрлерін сатып алуды талап етуге тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір осындай тартылатын Қосалқы мердігердің сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру полистерін беруге міндетті.
- 8.1.21. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріндегі жұмысқа тартылатын Мердігерлер мен Мердігердің қосалқы мердігер ұйымдары Тапсырыс берушінің Қауіпсіздік қызметіне келісімшарттық аумаққа кіру және келісімшарттық аумақтан шығу үшін рұқсат алуға арналған құжаттар тізбесін ұсынады.





8.1.22. Осы Шартта көрсетілмеген, бірақ оның орындалуынан туындайтын өзге де міндеттерді атқаруға;

8.1.23. «Мердігер Тапсырыс берушімен Мердігердің жарақтандырылуы бөлігінде техникалық спецификацияда көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру үшін Тапсырыс берушінің өкілдерін өзінің өндірістік объектілеріне кіргізуге міндетті. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушіге тексеруді жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге тиіс және Тапсырыс берушінің өкілдеріне техникалық спецификацияда көзделген барлық қажетті жарақты, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, жабдықтарды, құрал-саймандарды, техниканы, растайтын құжаттарды және т. б. көрсетуге міндетті.»

8.1.24. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың талаптарын (оның ішінде стандарттар, құрылыс, санитарлық ережелер мен нормалар, мемлекеттік органдардың өзге де құжаттары), нормативтік-техникалық құжаттардың, Тапсырыс берушінің бұйрықтары мен басқа да құжаттарының талаптарын сақтауға.

8.1.25. Мердігер осы тармақтың талаптарын бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші осы бұзушылықты Мердігер жойғанға дейін жұмысты тоқтата тұруға құқылы. Осы тармақтың негізінде Жұмыстарды тоқтата тұру арқылы Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығыстар мен залалдар Мердігердің кінәсінен Тапсырыс берушіге келтірілген шығыстарға, залалдарға және зиянға жатады.

8.1.26. Орындалған Жұмыстарды шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша Орындалған жұмыстар актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге.

8.1.27. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген есепті кезеңдегі Орындаушының шаруашылық қызметінің, қаржылық есептілігін ұсынуға міндеттенеді.

8.1.28. Мердігер декларациялар мен салық есептілігін қабылдау туралы хабарламалардың көшірмелерін ұсыну арқылы ҚР салық заңнамасында көзделген тәртіппен Тапсырыс берушіге қызметтер көрсетуден алынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығының тиісінше есептелуін және төленуін уақтылы және толық көлемде растауға міндеттенеді. Жоғарыда көрсетілген талап орындалмаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігердің шоттары бойынша төлемді кешіктіру құқығын өзіне қалдырады.

8.1.29. Мердігер Мердігердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын қосалқы мердігерлердің/бірлесіп орындаушылардың қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге міндеттенеді.

8.1.30. Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушылардың Шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығы мен әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомасын көрсете отырып ұсынады.

8.1.31. Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушылардың Шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты олардың азаматтығы мен әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомасын көрсете отырып ұсынады.

8.1.32. Мердігер Тапсырыс берушіге жерүсті және жерасты жабдықтарға, материалдарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген зиян мен залалдың сомасын, мыналарды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, барлық жағдайларда толық көлемде өтеуге міндетті:

8.1.32.1. дұрыс пайдаланбау;

8.1.32.2. материалдарды жұмсаудың жоспарланған көлемін негізсіз арттыру;

8.1.32.3. жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын бұзу;

8.1.32.4. жабдықтар мен материалдардың бүлінуі, зақымдануы, ұрлануы, егер мұндай кінә дәлелденген болса не ол осы Шарттың 19-бабында жазылған себептерден туындаған жағдайда, осы залал Тапсырыс берушінің, оның өкілдерінің немесе Персоналының кінәсінен келтірілген жағдайларды қоспағанда. Кез келген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің Жабдығы мен Материалдары мен мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін барынша күш-жігерді жұмсауға міндеттенеді.

8.1.33. Осы шарт шеңберінде келтірілген залалды өтеу Мердігерді осы Шарт талаптарында көзделген жауапкершіліктен босатпайды.

8.1.34. Мердігер жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген білікті мамандармен орындауға міндетті. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды мәні бірдей мамандарды ауыстыруға құқылы.

8.1.35. ндерлік құжаттамада Тәртіптің Қосымшаларына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмысшыларының жалақысының ең төменгі шекті шегін (шектерін) белгілеген кезде, Мердігер тендерлік өтінімде көрсетілген еңбек ақыны, Мердігердің тиісті жұмысшыларына Шарт қолданылатын барлық кезеңге сол жалақыны белгілеуі тиіс. Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау, Мердігердің тоқсан сайынғы келесі күннің 15-інен кешіктірмей бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алынған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгідегі тиісті жұмысшыларға жүргізілген міндетті зейнетақы жарналары





бойынша үзінді көшірмелерді ұсынуы болып табылады. Осы тармақтың талаптары орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемені орындамағаны үшін, шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл төлейді немесе оны Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің қабылдау-тапсыруды растайды

8.1.36. Орындаушы / мердігер / өнім беруші: Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен/Мердігермен/Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

8.1.37. Мердігер өз қызметкерлерінің (жұмысшыларының) ұжымдық еңбек жанжалдарында, жиналыстар, митингілер, пикеттер және наразылық акцияларының басқа да нысандарын ұйымдастыру, қатысу, өткізу, тәртіпсіздіктер және Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс тәртібін бұзу әрекеттері үшін, сондай-ақ Шарт бойынша қызметтерді уақтылы және тиісінше орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін немесе Тапсырыс берушінің кен орындарындағы жұмыстарды тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін кез келген басқа бұзушылықтарға толық жауап береді.

8.1.38. Осы Шартты орындау үшін тартылатын жұмыскерлерге осы Шартта көрсетілген жалақылар Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгілеуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде тоқсан сайынғы негізде 15-інен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер беруге (тендерлік құжаттамада Тәртіптің № 5 қосымшасының 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ең төменгі шегі (тері) белгіленген кезде қолданылады);

8.1.39. Шартты орындау үшін тартылған мердігер жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғаюын қамтамасыз ету және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан тоқсан сайынғы негізде 15-інен кешіктірілмейтін мерзімде үзінді көшірме беру (Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес шарт жасасу және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады).

8.1.40. Егер Мердігердің көрсететін жұмыстарды ҰКП келісімі бойынша сатып алу жөніндегі Қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар тізбесіне енгізілген жағдайда, Мердігер тиісті тізбеге енгізілген жұмыстарды көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауарды өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті, және осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалуын растау ретінде, Тараптардың көрсетілген жұмыстарды қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), қабылдау-беру актілерін қол қойған күнге дейін ұсынуы болып табылады. Мердігерді осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан тауарды жеткізу, бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері жұмыстарды сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда босатылады. Тауар бағасы Мердігердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар (лар) бағасынан төмен тауарды (ларды) қабылдау-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда, жұмыстарды беруші сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттеменің орындалмағаны үшін жауапты болады, оны жұмыстарды беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың қабылданғанын - берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

8.1.41. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген білікті мамандарға орындатуға.


8.1.42. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.

8.1.43. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болуға.

8.1.44. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.

8.1.45. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

8.1.46. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және





қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге.

8.1.47. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

8.1.48. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметінің және (немесе) мамандарының өз иелігінде болуына (мұндай талап Жұмысқа қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

8.1.49. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап Жұмысқа қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

8.1.50. Өз жұмыскерлерін жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге (мұндай талап Жұмысқа қолданылатын кезде ғана белгіленеді) міндеттенеді.

8.1.51. Мердігер тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен, жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге міндетті. Бұл ретте өнім беруші Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықты, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді тең мәнділермен ауыстыруға құқылы.

8.1.52. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігерге Жұмыстарды орындау процесін тоқтата тұруға тыйым салынады.

8.1.53. Жұмыстарды орындауға қабылданған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылықтар, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Мердігер өз ұйымының бірінші басшысының осындай жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді шешу шараларына тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

8.1.54. Мердігер қызметкерлердің жұмысын еңбек жанжалдары кезеңінде жұмыстың толық тоқтатылуына жол бермейтіндей етіп ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті.

8.1.55. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ жұмысты орындау кезінде кідірістерді барынша болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті.

8.1.56. Мердігер өз күшімен шешуге болмайтын еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тезірек шешу үшін өз қаражаты есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті.

8.1.57. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге жұмысшылар қойған ұжымдық талаптарға қатысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (дәлелденген ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсыну.

8.2. Мердігердің:

8.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

8.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қояды талап етуге;

8.2.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) уақтылы қайтаруды талап етуге;

8.2.4. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

8.2.5. Тапсырыс берушіден шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілгенді уақтылы қайтаруды талап етуге;

8.2.6. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

8.2.7. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

8.2.8. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында жұмыстардың $\frac{1}{4}$ көлемінен (құнынан) аспайтын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруге.

8.2.9. Жұмыс басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау,





халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

8.3. Тапсырыс беруші:

8.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

8.3.2. Мердігерден Орындалған жұмыстардың актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға.

8.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

8.3.4. Мердігерге Тапсырыс берушіден енгізілген қамтамасыз етілген авансты (алдын ала төлемді) қайтару Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіден алдын ала төленген сомада қайтаруға.

8.3.5. Мердігерге өзі енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға.

8.3.6. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

8.4. Тапсырыс беруші құқылы:

8.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

8.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

8.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

8.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

8.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

8.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

8.4.7. Мердігерден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын өтеу бойынша төлемді талап етуге.

8.4.8. Ескертулер болған жағдайда, оларды толық жойғанға дейін Орындалған Жұмыстар актісіне қол қоюдан бас тартуға.

8.4.9. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Орындалған Жұмыстар актісі бойынша орындалған Жұмыстарды қабылдауды және оларға ақы төлеуді жүргізуге.

8.4.10. Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қауіпсіз мекенжайына Мердігердің атауын, шот нөмірін және төлем максатын қоса алғанда, осы шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпаратты қамтитын банктік үзінді көшірме беруге құқылы.

8.4.11. Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ сұрау салуы бойынша осы шарт бойынша кез келген ақпаратты ұсынуға құқылы.

8.4.12. Осы шарттың талаптарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарға ие болуға.

8.4.13. Мердігер және оның қосалқы мердігерлері/бірлесіп орындаушылары ҚР азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлерге еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірген залалдарды толық өтей отырып, Тапсырыс беруші шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға (шартты бұзуға) құқылы.





8.4.14. «Тапсырыс беруші Мердігерді Мердігердің жарактандырылуы бөлігінде (қажет болған жағдайда Мердігердің өндірістік объектілеріне бару арқылы) техникалық спецификацияда көрсетілген талаптарға сәйкестігіне қатысты тексеруге құқылы. Тексеру қорытындылары бойынша қажетті жарактандыру бөлігінде сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігердің өз міндеттемелерін бұзуына байланысты шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы».

9. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

9.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

9.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

9.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде ұсынады. Егер Мердігер 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) жұмыс күндері ішінде хабарлама алған сәттен бастап Жұмыстың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Жұмыстың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

9.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күндері ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Жұмыстар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

9.5. Егер жұмыстардағы ақауларды жою бойынша іркіліс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

9.6. Мердігердің орындалған Жұмыстарды тапсыруы және Тапсырыс берушінің оларды қабылдауы екі Тарап қол қойған Орындалған жұмыстар актісімен ресімделеді.

9.7. Жұмыс нәтижелерін тапсыру және қабылдау қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

9.8. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды тексеруді Қосымшаларға және Шарттың өзге де талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

10. Кепілдіктер және Сапа

10.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе жұмысқа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

10.2. Мердігер орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

10.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақаулар анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап жұмыс күні ішінде 15 (он бес) ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі барлық шығындарды Мердігер көтереді.

10.4. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.




10.5. Орындалған Жұмыстардың сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы көрсетілген жұмыстар түрі бойынша тиісті саланың облыстары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттарға/талаптарға сәйкес келуі тиіс.

10.6. Мердігер Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап үш жылға тең белгіленген кепілдік мерзімі ішінде орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

10.6.1. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Үшінші тұлғалардың бекітілген Жоба негізінде құрылыс жұмыстарын орындауға кедергі жасау немесе шектеу құқығының жоқ екеніне. Мердігердің кінәсінен Үшінші тұлғалардың кедергі келтіруі себебінен Жұмыстар тоқтатыла тұрған жағдайда Мердігер Шарт талаптарында көзделген жауаптылықта болады;

10.6.2. Мердігердің пайдаланылатын Материалдары мен Жабдыктарының, Мердігердің конструкциялары мен жүйелерінің тиісті сапасына, олардың Техникалық спецификация талаптарына, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігіне, олардың сапасын куәландыратын тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және басқа да құжаттармен олардың қамтамасыз етілуіне;

10.6.3. Мердігер Персоналы тиісті түрде оқытылып, жеткілікті құзыретке, біліктілікке, дағдыларға және тәжірибеге ие екеніне және Шарт бойынша Жұмыстарды тиімді жүргізу үшін жеткілікті мөлшерде ұсынылатынына.





10.6.4. Техникалық спецификацияға, Қазақстан Республикасында қолданылатын және осы Шарт шеңберінде келісілген нормаларға және техникалық шарттарға сәйкес Жұмыстардың барлық кезеңдерін орындау сапасына;

10.6.5. Ізденіс жұмыстарын орындаған жағдайда Жұмыс алаңына іргелес аумақта тәртіпті сақтау бойынша мемлекеттік органдардың талаптарын орындауға;

10.6.6. Жұмыстарды қабылдау кезінде және Кепілдік мерзімі кезеңінде анықталған орындалған Жұмыстардың кемшіліктері мен ақауларын өз есебінен уақтылы жоюға;

10.6.7. онда, сондай-ақ ол тартатын барлық Қосалқы мердігерлерде Шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде осы Шарт шеңберінде тиісті Жұмыстарды орындау үшін қажетті барлық тиісті лицензиялардың, рұқсаттар мен сәйкестік сертификаттарының бар екеніне;

10.6.8. Егер Кепілдік мерзімі кезеңінде Жұмыстар нәтижелерін қалыпты пайдалануға кедергі келтіретін ақаулар мен кемшіліктер анықталса, онда Мердігер оларды өз есебінен және Тараптар келіскен ақылға қонымды мерзімде жоюға. Бұл ретте, Кепілдік мерзімі қайта есептеледі және Тапсырыс беруші ақаулар мен кемшіліктерді жою бойынша жүргізілген Жұмыстардың нәтижелерін қабылдаған сәттен бастап Шарттың талаптарында көрсетілген Кепілдік мерзімін құрайды.

10.6.9. Ақау актісін жасауға қатысу, оларды жою тәртібі мен мерзімдерін келісу үшін Мердігер Тапсырыс берушінің өкіліне жазбаша (ауызша) хабарлама алған кезден бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей Мердігер Өкілінің келуін қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер осы тармақта айқындалған мерзімде ақау актісін жасауға қатысу үшін Мердігер Өкілінің келуін қамтамасыз етпеген жағдайда, Тапсырыс беруші ақау актісін өздігінен жасауға құқылы.

10.6.10. Мердігер ақаулар мен кемшіліктердің бар екенін растау үшін ақаулықтар актісін жасаудан немесе оған қол қояудан бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші оларды растау үшін Тапсырыс беруші тәуелсіз сараптаманы тарту туралы мәселеге бастамашылық жасауға құқылы, оның шешімі екі Тарап үшін де міндетті болады. Тәуелсіз сараптама қызметтеріне ақы төлеу сараптама қорытындысына сәйкес кінәлі деп танылған Тарапқа жүктеледі.

11. Тараптардың жауапкершілігі

11.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

11.2. Мердігердің жауапкершілігі:

11.2.1. Мердігер Шартта көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

11.2.2. Жоба алдындағы және (немесе) жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамада индустриялық-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында өкілетті мемлекеттік органмен қалыптастырылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және олардың жеткізушілерінің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдар, жабдық, бұйымдар және құрылымдар негізсіз болмаған жағдайда Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы сомасынан кемінде 10% мөлшерде айыппұл түрінде жауапты болады немесе Тапсырыс беруші бұл соманы Тараптардың соңғы орындалған Жұмыстардың актісіне қол қою сәтіне дейін ұстайды.

11.2.3. Мердігер шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% - на баламалы, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайтын соманы тұрақсыздық айыбы ретінде төлейді.

11.2.4. Жұмыстарда елішілік құндылықты есептеу шартының талаптарына сәйкес ұсынылмаған жағдайда, Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1%, бірақ шарт сомасының 10% - нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

11.2.5. Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша мердігердің осы Шарт бойынша міндеттемелерін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін орындалуы жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған жұмыстардың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

11.2.6. Шарттың 19-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе орындау мүмкін болмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

11.2.7. Мердігер жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге кемшіліктерді жою мерзімдері бұзылған жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

11.2.8. Шарттың талаптарына сәйкес осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге жалақы белгілеу жөніндегі





міндеттемелер орындалмаған жағдайда мердігер шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптардың қабылдауды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін – орындалған жұмыстарды беру.

11.2.9. Шарттың талаптарына сәйкес шартты орындау үшін тартылған мердігер қызметкерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын ұлғайту жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда мердігер шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар тиісті (түпкілікті) қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін орындалған жұмыстардың қабылданғанын – берілгенін растайтын акт.

11.2.10. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

11.2.11. Осы Шарттың 11.2.10. тармағында көзделген өсімпұл сомасы, егер «Еңбек денсаулығы, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау» шартына қосымшада өсімпұлдың басқа мөлшері көзделмесе, қолданылады.

11.2.12. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

11.2.13. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

11.3. Мердігер Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

11.4. Орындаушы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады және әлеуетті өнім беруші ұсынған өтінімді қамтамасыз етуді ұстайды.

11.5. Мердігердің Жабдығы

11.5.1. Мердігер мен Қосалқы мердігерлер Жабдығына, соның ішінде, мұнымен шектелмей, техникаға, құралдарға келтірілген залал үшін Мердігер дербес жауапты болады.


11.5.2. Егер Тапсырыс берушінің, Тапсырыс беруші Өкілдерінің немесе Тапсырыс беруші Персоналының кінәсінен залал келтірілген болса, егер мұндай кінә дәлелденген болса, Тапсырыс беруші мұндай залал үшін жауапты болмайды.

11.6. Қоршаған ортаға келтірілген зиян:

11.6.1. Қоршаған ортаға кез келген түрдегі зиянды Мердігердің өзі, Мердігердің Өкілі және/немесе оның Қосалқы мердігерлері келтірген жағдайда Мердігер келтірген зиян үшін жауапты болады. Тапсырыс берушіге Үшінші тұлғалар қоршаған ортаға келтірілген зиянға байланысты наразылық білдірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіні осы жауапкершіліктен босату үшін, соның ішінде зиянды өз есебінен өтеу арқылы барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті. Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босату мүмкін болмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Мердігердің жұмыстарды орындауы нәтижесінде қоршаған ортаға, Үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеуге байланысты барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

11.7. Тараптардың Персоналы мен мүлкіне келтірілген залал:

11.7.1. Тапсырыс берушінің кінәсінен орын алған жағдайларды қоспағанда, егер мұндай кінә дәлелденсе, Мердігер Тапсырыс берушіні төмендегі мәселелерге байланысты барлық наразылықтардан, зардаптардан, шығындардан (сот ұсталымдарын қоса алғанда), шығыстар мен міндеттемелерден окшаулауға жауапты және міндетті:





11.7.2. Шарт шеңберінде немесе оны орындауға байланысты Мердігер ұсынатын мүлікті жоғалту немесе оған зиян келтіру;

11.7.3. Шартты орындауға байланысты Мердігер Персоналының жарақаттары, соның ішінде дене жарақаттары, қайтыс болуы және науқастануы;

11.7.4. Үшінші тұлғаның жарақаттары, соның ішінде дене жарақаттары, қайтыс болуы немесе науқастануы, кез келген меншігінен айырылуы немесе нұқсан келтірілуі.

11.7.5. Тапсырыс беруші, егер төмендегі жағдай Тапсырыс берушінің кінәсінен орын алса және мұндай кінә дәлелденсе, Мердігерді және/немесе оның Қосалқы мердігерін төмендегі мәселелерге байланысты барлық наразылықтардан, зардаптардан, шығындардан (сот ұсталымдарын қоса алғанда), шығыстар мен міндеттемелерден оқшаулауға жауапты және міндетті:

11.7.6. Шарт шеңберінде немесе оны орындауға байланысты Тапсырыс беруші Өкілдерінің жарақаттары, соның ішінде дене жарақаттары, қайтыс болуы және науқастануы;

11.7.7. Үшінші тұлғаның жарақаттары, соның ішінде дене жарақаттары, қайтыс болуы немесе науқастануы, кез келген меншігінен айырылуы немесе нұқсан келтірілуі.

11.7.8. Міндеттемелерді орындау кезінде Мердігер өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген қауіпсіздік және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, оның ішінде Мердігер қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болу.

11.7.9. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Мердігер қызметкерлерінің қауіпсіздік және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР заңнамасын сақтауы тұрғысынан тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізеді.

11.7.10. Мердігердің кінәсінен туындаған еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама мен Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған наразылықтарға, сот талап арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды Мердігер Тапсырыс берушіге толық өтеу.

11.8. Мердігер осы Шарттың талаптарына және Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес өзге де жауапкершілікте болады.


11.9. Тапсырыс беруші осы Шарт шеңберінде шеккен, сондай-ақ Жұмыстарды тоқтата тұруды қоса алғанда, Мердігердің/Қосалқы мердігерлердің кінәсінен келтірілген, осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығыстарды, ұсталымдарды, залалдарды және өзге де шығындарды Мердігер Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

11.10. Мердігер тиісті салықтар мен міндетті төлемдердің уақтылы және дұрыс есептелуіне, сондай-ақ салық есептілігінің дұрыс жасалуына және салық органына уақтылы ұсынылуына жауапты болады.

11.11. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар жүргізу шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемей) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кеткен соманы қайтарудан бас тартса не салықты қоса есептеуге тағайындалған болса, онда Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС барлық асып кеткен сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де тағайындалған салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт Мердігердің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамау, қосылған құн салығын қайтармау және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына әкеп соққан Мердігердің Өнім берушілерімен өзара қарым-қатынасына да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетілмеген (төлемеген) не Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуды растамаған фактілер бойынша Мердігердің ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартқан ҚҚС асып кеткен сомасын Тапсырыс беруші Мердігерге мынадай жағдайларда қайтаруға тиіс: - Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 152-бабына сәйкес уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық тексеру актісіне қорытындының негізінде Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кетуін қайтару; - 1-ші, 2-ші, 3-ші және т.б. деңгейлердегі Мердігер не Мердігердің өнім берушілері ҚР Салық кодексінің 431-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңдері үшін қайтару туралы талап негізінде жүргізілген салықтық тексеру барысында Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемей) не растамау фактілерін жоятын болады; Тапсырыс беруші Мердігер бұрын өтеген ҚҚС сомасын ҚҚС артуының нақты қайтарылуын алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде қайтаруға міндеттенеді.

11.12. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 666-бабына сәйкес бейрезиденттің халықаралық шарт жасасқан елде резиденттігін растайтын құжатты, сондай-ақ апостильді (Ресей Федерациясының резидентінен басқа) бейрезидент ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 646-бабына сәйкес қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын бейрезиденттің табыстарынан 20% мөлшерінде төлем көзінен салық салынатын табыстар бойынша корпоративтік табыс салығын Қазақстан Республикасындағы көздерден ұстауды жүзеге асырады.

11.13. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:





11.13.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспауға тиіс.

11.13.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідірітілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ аванстық төлем сомасының 10% - нан аспауға тиіс.

11.13.3. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

11.13.4. Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдауды кідірткен жағдайда, мердігер тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

11.13.5. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қояды кідірткен жағдайда, мердігер тапсырыс берушіден кешіктіру сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

11.13.6. Тапсырыс беруші құжаттарды беруді кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

11.14. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен Холдингтің Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

11.15. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған шығындар үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

11.16. Жұмыстарды нақты орындау кезінде Тапсырыс беруші алдын ала төлеген сомадан аз мөлшерде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

11.17. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

11.18. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс.

12. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

12.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

12.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

12.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

12.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

12.3.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;

12.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

12.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

12.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

12.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген





жағдайда жол беріледі.

12.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тартудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзу кезінде Мердігер Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзу күніне ақы талап етуге құқылы.

12.5. Сатып алуда Қордың құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) одан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

12.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген шығыстар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

12.7. Шарттың 12.6. тармағында көзделген «Тапсырыс беруші кінәсінен бұзылады» деген ұғымды «ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын және шарттың талаптарын бұза отырып шартты бұзу» деп түсінген жөн.

12.8. Егер Мердігер банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады, бұл ретте Мердігер оны бұзатын күндегі Шартты орындауға байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

12.9. Тапсырыс беруші Тәртіпте/Ережеде және Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

12.10. Осы Бөлімнің ережелері негізінде Тараптардың бірі осы Шартты бұзған жағдайда Тараптар салыстырып тексеру актісін жасауға, ол бойынша шарттың талаптарына сәйкес есеп айырысуды жүргізуге міндетті.

12.11. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Мердігер Шартты бұзған күндегі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

12.12. Тапсырыс беруші Жұмыстың бағасын азайту мақсатында Мердігермен келіссөздер жүргізуге құқылы. Баға төмендеген жағдайда Тараптар осы Шартқа қосымша келісімге қол қояды.

12.13. Тапсырыс берушіден Жұмыстарға қажеттілікті азайту мәселесі туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші қосымша келісім жасасу арқылы Жұмыстарға қажеттілікті азайту құқығын өзіне қалдырады.

12.14. Мердігер өзінің шарттық міндеттемелерін орындау барысында ҚҚС төлеушінің мәртебесін өзгерткен жағдайда, бұл шарт сомасын ҚҚС-ның тиісті сомасына өзгертуге негіз болып табылады.

13. Хат-хабар

13.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірілген жүзеге асырылады.

13.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

13.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

13.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.


13.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

13.6. Бір Тарап екінші Тарапқа және жалпы осы Шарт шеңберінде жіберетін барлық хабарламалар, хабарландырулар мен өтінімдер қазақ және орыс тілдерінде (Тараптардың келісімі бойынша – өзге тілде) жазбаша түрде жасалып, жеке табыстаумен, тапсырыс хатпен, телефакспен осы Шарт бойынша Тараптардың уәкілетті Өкілдеріне жеткізілуі, сондай-ақ Шарт талаптарында көрсетілген мекенжайларға жіберілуі тиіс.

14. Шарттың мерзімі

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





14.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 31.12.2025 жылға дейін дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

14.2. Шарт Шарттың мерзімі ішінде немесе Шарт Қолданыстағы заңнамада, Тәртіпте, сондай-ақ осы Бапта көзделген тәртіппен және жағдайларда бұзылғанға дейін қолданылады.

15. ЖҰМЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ

15.1. Жұмыстардың басталу күні Тараптардың келісуі бойынша осы Шарттың бөлігі болып табылатын күнтізбелік кестеде айқындалады.

15.2. Осы Шарт тендер өткізу нәтижелері бойынша жасалған жағдайда, онда Күнтізбелік кесте тендер шарттарында айқындалған мәліметтерге қайшы келмеуі тиіс.

16. МЕРДІГЕРДІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ, ЖАБДЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

16.1. Мердігердің Материалдары мен Жабдықтары.

16.1.1. Мердігер өз есебінен Мердігердің Материалдары мен Жабдықтарын береді және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес тиісті сертификаттау жағдайында Жұмыстарды орындаудың кез келген уақытында оларды жарамды жұмыс жағдайында ұстауға міндеттенеді.

16.1.2. Мердігер өз есебінен Мердігердің Материалдары мен Жабдықтарын береді және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес тиісті сертификаттау жағдайында Жұмыстарды орындаудың кез келген уақытында оларды жарамды жұмыс жағдайында ұстауға міндеттенеді.

16.2. Мердігер Персоналы:

16.2.1. Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде Персоналдың мәлімделген біліктілік деңгейін қамтамасыз етуге міндетті.

16.2.2. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Жұмыстарды орындайтын Мердігер Персоналының Мердігер Тапсырыс берушіге берген мәліметтерге сәйкестігін Мердігер мәлімдеген тұлғалардың нақты жұмыстарды орындайтын тұлғаларға сәйкестігі бөлігінде де, Мердігер Персоналының нақты құзыретінің, біліктілігінің, дағдылары мен тәжірибесінің Мердігер мәлімдеген мәліметтерге сәйкестігі бөлігінде де бақылауға құқылы.

16.2.3. Тапсырыс беруші мәлімделген Мердігердің Персоналының нақты жұмыстарды орындайтын Персоналға, сондай-ақ Мердігер Персоналының нақты құзыретінің, біліктілігінің, дағдылары мен тәжірибесінің Мердігер мәлімдеген мәліметтерге сәйкестігінің бұзылуын анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмыстарды тоқтата тұруға және Мердігерден Персоналды Мердігермен мәлімделгенге сәйкес келетін не мәлімделгенмен салыстырғанда құзыреттілігінің, біліктілігінің, дағдылары мен тәжірибесінің тең немесе неғұрлым жоғары деңгейіне ие Персоналға ауыстыруды талап етуге құқылы. Жұмыстар тоқтатыла тұрған жағдайда Мердігер осы Шарттың талаптарында көзделген жауаптылықта болады.

16.2.4. Мердігер Мердігердің персоналы үшін толық жауапты болады, осыған байланысты туындайтын барлық мәселелерді өздігінен ресімдейді және Тапсырыс берушіні Мердігердің Персоналына қатысты және өз Персоналының әрекеттеріне/әрекетсіздігіне байланысты барлық наразылықтардан, шағымдардан және міндеттемелерден босатады.

16.2.5. Егер Персонал қауіпсіздік техникасы қағидаларын айқындайтын нормативтік техникалық құжаттардың, Шарт бойынша Жұмыстарды орындау тәртібін, тәсілдері мен әдістерін реттейтін қолданыстағы заңнаманың және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының (олар болған кезде) талаптарын, сондай-ақ Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің Персоналын ауыстыруды талап етуге құқылы.

16.2.6. Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін шетелдік жұмыс күшін тартқан жағдайда, Мердігер өз күшімен және қаражатымен қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартуға қажетті барлық рұқсат құжаттарын алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

16.2.7. Мердігер Тапсырыс берушіні қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұза отырып жасалған Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты кез келген жауапкершіліктен қорғауға міндеттенеді.

17. ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ҚҰЖАТТАР. ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ.

17.1. Мердігер өзінің бухгалтерлік құжаттамасын Қолданыстағы заңнамада белгіленген жалпы қабылданған принциптер мен стандарттарға сәйкес толық және дәл жүргізеді.

17.2. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Жұмыстарды орындауға қатысты ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы, оны Мердігер сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде ұсынуға тиіс.

17.3. Шарт бойынша барлық құжаттаманы Мердігер Тапсырыс берушіге қағаз тасымалдағыштарда және сканерленген форматтағы электрондық нұсқаларда, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша бастапқы редакцияланатын форматта ұсынады.





17.4. Құжаттаманың электрондық нұсқалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

17.4.1. қағаз тасымалдағышта ұсынылған құжаттардың мазмұны бойынша сәйкестігі;

17.4.2. сканерленген құжатта барлық талап етілетін қолдардың болуы (егер мұндайлар көзделсе);

17.4.3. сканерленген құжаттың сапасы мазмұнды оқуға мүмкіндік беруі тиіс.

17.4.4. сканерленген файлдың көлемі сапасын жоғалтпай ең аз мөлшерге жетуі тиіс.

17.4.5. Жұмыстардың нәтижесі Тапсырыс берушімен келісілген және/немесе осы Шарттың 4-бөліміне сәйкес Сараптаманың оң қорытындысын, сондай-ақ олар жүргізілген жағдайда Ізденіс жұмыстары бойынша есепті қоса алғанда, тиісті мемлекеттік органдар бекіткен Жоба түрінде ұсынылады.

17.4.6. Мердігер әзірленген Жобадан басқа Техникалық спецификацияда көрсетілген қосымша құжаттарды ұсынуға міндетті.

18. ТАРАПТАР ӨКІЛДЕРІ

18.1. Мердігер Жұмыстардың басталу күніне дейін осы Шартқа сәйкес орындалатын Жұмыстар үшін жауапты болып табылатын Жауапты тұлғаны, Мердігердің жұмысын басқару бойынша және Мердігер мен Тапсырыс берушінің арасында осы Шартқа сәйкес жұмыстарға қатысты туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу бойынша барлық өкілеттіктерге ие Жұмыс алаңындағы Мердігердің Өкілін тағайындайды.

18.2. Мердігер Жұмыстардың басталу күніне дейін және ауыстырылған жағдайда Тапсырыс берушіні Мердігердің Өкілін тағайындау/ауыстыру туралы хабардар етуге міндетті.

18.3. Тапсырыс беруші Жұмыстардың басталу күніне дейін осы Шартқа сәйкес Жұмыстардың орындалуына қатысты Мердігер мен Тапсырыс берушінің арасында туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу бойынша барлық өкілеттіктерге ие Тапсырыс берушінің Өкілін тағайындайды. Тапсырыс беруші Тапсырыс беруші Өкілдерінің осы Шарттың мақсаттары үшін ақылға қонымды қажетті кез келген санын тағайындауға құқылы. Тапсырыс беруші Мердігерді Тапсырыс берушінің барлық Өкілдерін тағайындау/ауыстыру туралы хабардар етеді.

18.4. Тапсырыс беруші мен Мердігер Өкілдерінің осы Шарттың қандай да бір талаптарына немесе ережелеріне қатысты қандай да бір өзгерістер немесе толықтырулар қабылдауға не осы Шартта көзделген Тараптардың қандай да бір құқықтарынан, міндеттерінен бас тартуды бекітуге өкілеттіктері жоқ.

18.5. Тапсырыс беруші Өкілі Жұмыстар жүргізу бойынша есептерді сұратуға, сондай-ақ осы Шартқа сәйкес орындалатын Жұмыстарға қатысты кез келген өзге ақпарат пен есептерді сұратуға құқылы. Тапсырыс беруші Өкілі Мердігер жүргізетін Жұмыстардың барысын кез келген уақытта қадағалауға, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

18.6. Мердігер осы Шарттың талаптарын, Тапсырыс берушінің нормативтік техникалық құжаттарының талаптарын, сондай-ақ осы Шарт шеңберінде қандай да бір Жұмыс түрлерін орындауды реттейтін Қолданыстағы заңнама талаптарын бұзған жағдайда, Тапсырыс берушінің Өкілі Жұмыстарды тоқтата тұру мүмкіндігі туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге құқылы. Шарттың осы тармағының негізінде Жұмыстарды тоқтата тұрған жағдайда Мердігер осы Шартта көзделген жауаптылықта болады.

19. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

19.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.


19.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

20. Дауларды шешу тәртібі

20.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

20.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

20.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.





21. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Мердігерлік ұйымның міндеттемелері» шарттың бөлімі

21.1. Осы Шарт бойынша Мердігер жұмыстарды орындау барысында:

21.1.1. Еңбек заңнамасы, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы және жұмыстарды орындау/қызмет көрсету аумағында қолданылатын өзге де нормативтік актілерді қоса алғанда, қолданыстағы заңнамалық талаптардың нормаларын сақтауға;

21.1.2. Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясатын, ҚМГ алтын қағидаларының базалық қағидаттарын сақтауға, жұмыстарды қауіпсіз орындау/қызметтерді көрсету тұжырымдамасын қолдауға және нөлдік жарақаттануға ұмтылуға;

21.1.3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі, жұмыстар орындалатын/қызметтер көрсетілетін Объектінің өрт қауіпсіздігі жөніндегі қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

21.1.4. Мердігерлік ұйымдардың қызметіне қатысты СМ және өзге де ішкі құжаттардың талаптарын қоса алғанда, ҚМГ компаниялары тобының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

21.1.5. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі барлық ішкі талаптарының орындалуын, ал қажет болған жағдайда, Мердігердің қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісілуі және Мердігердің және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен (Тапсырыс берушінің қажеттілігімен) бекітілуі тиіс;

21.1.6. Жұмыстарды жүргізу/қызметтер көрсету алдында Мердігер Қызметкерлерінің дайындығын және Заңнамалық талаптарға сәйкес денсаулық жағдайын ауысым алдындағы/рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтудің тиісті тәртібін қамтамасыз етуге;

21.1.7. Жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету учаскесінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының орындалуы үшін жауап беретін өзінің уәкілетті өкілі мен Мердігердің басқа да Қызметкерлерінің тегін Тапсырыс берушіге хабарлауға;

21.1.8. Тапсырыс берушіге дәрігерге дейінгі және (немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайларын, алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясаттың бұзылуы жағдайларын қоса алғанда, Оқиғалар туралы мәліметтерді дереу, анықталған сәтіннен бастап, 1 сағаттан кешіктірмей ұсынуға;


21.1.9. Заңнамалық талаптарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес Оқиғаларды тексеруді ұйымдастыру. Оқиғаларды тексеруді Заңнамалық талаптармен және Тапсырыс берушінің ішкі талаптарымен көзделген тәртіппен, заң талаптарымен көзделген жағдайларда Тапсырыс берушінің, Мердігердің және тартылатын Қосалқы мердігерлердің (егер қажет болса) өкілдерінің, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен комиссия жүзеге асырады. Тексеру жөніндегі комиссияға қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

21.1.10. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету үшін Қосалқы мердігерді тартқан жағдайда, Мердігер Қосалқы мердігердің Шартта көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкес келетіні туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсынуға және Қосалқы мердігерді тарту үшін Тапсырыс берушіден жазбаша түрде мақұлдау алуға міндетті. Бұл ретте, Тапсырыс беруші жалдау туралы шешім қабылдау үшін Қосалқы мердігердің жабдығын, техникасын, көлігін, мүлкін және қызметкерлерін тәуелсіз тексеру (аудитін жүргізу) құқығын өзіне қалдырады. Қосалқы мердігерді тарту туралы оң шешімді алғаннан кейін, Мердігер онымен жасалатын шарттарға осы бөлімде көзделген талаптарды қосуға және олардың орындалуын бақылауға міндетті. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша, Мердігер Қосалқы мердігермен жасасқан шарттың көшірмелерін беруге және, Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулер болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті.

21.2. Мердігер қолданыстағы Заңнамалық талаптарда талап етілетін, жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге қатысы бар барлық лицензиялар мен рұқсаттардың күшін сақтауы тиіс, барлық әкімшілік рұқсаттардың, оның ішінде, қызметі жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты Мердігердің барлық Қызметкерлері, агенттер немесе Мердігердің Қызметкерлері үшін кіру визаларын, тұруға рұқсаттарды уақытылы алуы және олардың толық күшін сақтауы тиіс.

21.3. Мердігердің барлық Қызметкерлерінің сапалы жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету үшін қажетті тиісті кәсіптерде тәжірибесі мен біліктілігінің болуын, еңбек тәртібін сақтауын және белгіленген, жұмысқа/қызметке немесе оны орындауға/көрсетуге қатысы бар ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық Заңнамалық талаптар мен Тапсырыс берушінің талаптарын орындауын қамтамасыз етуі тиіс. Мердігер өз қызметін жүзеге асыратын саланың (индустрияның) ең жоғары стандарттары бойынша жұмыстарды орындауы/қызметтерді орындауы тиіс. Қажет болғанда, Мердігер, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша, жұмыстар учаскесіне қол жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету үшін талап етілуі мүмкін Мердігер Қызметкерлерінің қосымша оқуын (мысалы, жүргізушілер үшін қорғалып және қысқы жүргізу) өз есебінен қамтамасыз етеді.

21.4. Тапсырыс беруші, Тапсырыс беруші үшін шығынсыз, Тапсырыс берушінің пікірінше, өз міндеттерін орындауда біліксіз немесе Тапсырыс берушінің мүдделерін бұзатын қылықтар үшін айыпталатын немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге залал келтіретін Мердігердің кез келген Қызметкерін жұмыстан шеттетуді Мердігерден кез келген уақытта талап етуге құқылы және Мердігер осы





талапты орындауға және, талап етілсе, Тапсырыс беруші үшін қосымша шығыстарсыз, оны қолайлы түрде дереу ауыстыруға міндетті болады.

21.5. Мердігер жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін, оның ішінде айыппұлдарды, өсімақыларды төлеу, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген залалды өтеу бойынша жауапкершілікті өзі көтереді. Тапсырыс беруші Мердігерді жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапқа тартылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалдардың барлығын өтеуге міндеттенеді.

21.6. Мердігер жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету процесінде Тапсырыс берушінің қызметкерлерімен болған Оқиғаларға кінәлі болса, Мердігер келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

21.7. Тергеу Мердігердің немесе Мердігер тартқан Қосалқы мердігердің кез келген қызметкерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бұзу фактісін анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші олардың денсаулығына залал келтіруге әкеп соққан Оқиғалар үшін жауап бермейді.

21.8. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігер және (немесе) Қосалқы мердігер Қызметкерлерінің денсаулығына және өміріне келтірілген зиянға, бұл ретте, осы кіші бапқа сәйкес, меншіктегі, жалға алынған немесе Мердігер жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету үшін беретін барлық жабдық Мердігердің жабдығы немесе меншігі болып есептелетіндіктен, Мердігердің жабдығын немесе жылжымайтын мүлкінің жойылуына, зақымдалуына немесе оларды пайдалану мүмкінсіздігіне қатысты, не болса да және Тапсырыс берушінің салақтығына немесе міндеттеріне немқұрайлы қарауына қарамастан, кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, шағым-талаптардан немесе залалдардан (оның ішінде, сот шығындары мен шығыстарынан) және оларға қарсы қорғауға, өтеу мен сақтауға міндеттенеді.

21.9. Мердігер Тапсырыс берушіні Мердігердің Қызметкерлерінен туындаған қоршаған ортаны, Мердігердің жабдығын немесе меншігін кез келген түрде ластауына байланысты пайда болатын кез келген жауапкершіліктен немесе шығындардан және оларға қарсы қорғауға, өтеуге және сақтауға міндеттенеді.

21.10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап он төрт (14) күн ішінде, Мердігер Заңнамалық талаптарға сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етуді өз есебінен қамтамасыз етуі тиіс және Шарттың қолданылу мерзімі ішінде сақтауы тиіс және Тапсырыс берушіге сақтандыру полистерінің куәландырылған көшірмелерін беруі тиіс, ол келесіні қамтиды, бірақ олармен ғана шектелмейді: 1) қызметкер өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оның өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру; 2) кәсіби қызмет барысындағы залалдарды сақтандыру; 3) үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікті сақтандыру; 4) жұмыстарды жүргізу/қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру; 5) Экологиялық сақтандыру; 6) Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті сақтандырудың кез келген басқа да түрлері.

21.11. Тапсырыс беруші Мердігердің және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігерлердің Шарттың осы бабының ережелерін сақтауын бақылауға құқылы. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің, Мердігердің және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігерлердің өкілдері қол қоятын актіде тіркеледі. Мердігер және (немесе) Мердігер тартатын Қосалқы мердігерлер осындай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші оны біржақты тәртіппен ресімдейді.

21.12. Мердігердің осы баптың талаптарын сақтамауы, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бірнеше рет бұзуы осы Шарттың талаптарын елеулі бұзуы болып табылады және Тапсырыс берушіге, Тапсырыс берушінің осындай бұзуға байланысты Мердігердің залалдарын өтеу міндеттемелерінсіз, осы Шартты біржақты бұзу құқығын береді.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

22.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

22.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

22.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

22.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

22.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір





ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

22.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

22.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

23. Құпиялылық

23.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісінмін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

23.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

24. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ ҮШІН ҚОСЫМША МЕРДІГЕРЛЕРДІ ТARTY

24.1. Мердігер Тәртіпте көзделген және нәтижелері бойынша осы Шарт жасалған тендердің шарттарында көрсетілген жағдайларда Шарт бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындау үшін тендерлік өтінімде көрсетілген Қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы.

24.2. Осындай қосалқы мердігерлердің орындауы тиіс Жұмыстардың көлемі Тәртіп талаптарына сәйкес Шарт бойынша Жұмыстардың жалпы көлемінің 1/4 аспауы тиіс.

24.3. Тәртіпке сәйкес өзге де негіздер бойынша Шарт жасалған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушімен біліктілік талаптары, сондай-ақ Қосалқы мердігерлікке берілетін Жұмыстардың көлемі мен түрлері келісілгеннен кейін осы Шарт бойынша Жұмыстардың бір бөлігін Қосалқы мердігерлікке беруге құқылы.

24.4. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы осы Шарттың талаптарын өзгертпейді.

24.5. Егер осы Шартта өзгеше ескертілмесе немесе Шарт талаптарынан өзге талаптар туындамаса, осы Шартта Мердігердің міндеттемелері, жауапкершілігі және кепілдіктері бөлігінде белгіленген талаптар Қосалқы мердігерге тең дәрежеде қолданылады.

24.6. Тапсырыс беруші тарапынан мониторинг мақсаттары үшін Жұмыстарды орындау үшін Қосалқы мердігерлерді тартқан кезде Мердігер Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша оған Қосалқы мердігерлік шарттарының көшірмелерін, Қосалқы мердігерлік пен Жұмыстарға байланысты өзге де құжаттар мен ақпаратты беруге міндеттенеді. Мердігердің жоғарыда көрсетілген құжаттарды беруден бас тартуы, сондай-ақ анық емес мәліметтерді қамтитын жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынуы Тараптармен Мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы ретінде танылады және Тапсырыс берушіде Шартты біржақты бұзу құқығының туындауы үшін негіз болып табылады.


24.7. Тапсырыс беруші Мердігерден 23.6-тармағында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын Мердігер ұсынған құжаттар көшірмелерінің дұрыстығына күмән келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда кез келген уақытта талап етуге құқылы. Тапсырыс берушінің талабы келіп түскен кезде Мердігер Тапсырыс беруші сұратқан құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

24.8. Тапсырыс беруші Мердігерден 23.6-тармағында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын Мердігер ұсынған құжаттар көшірмелерінің дұрыстығына күмән келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда кез келген уақытта талап етуге құқылы. Тапсырыс берушінің талабы келіп түскен кезде Мердігер Тапсырыс беруші сұратқан құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

24.9. Мердігер Тәртіпте көзделген және нәтижелері бойынша осы Шарт жасалған тендердің шарттарында көрсетілген жағдайларда шарт бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындау үшін тендерлік өтінімде көрсетілген қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы.

25. Қоршаған ортаны қорғау. экологиялық талаптар

25.1. Осы Баптың талаптарын, сондай-ақ Қолданыстағы экологиялық заңнаманың және осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды айқындайтын Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын бұзғаны үшін Мердігер





Тапсырыс берушіге осы Шарттың 11-бөліміне сәйкес айыппұл төлейді.

26. Басқа шарттар

26.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші: (а) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (c) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

26.2. Егер Өнім берушінің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Өнім беруші екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Өнім берушінің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

26.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/жұмысты тоқтатуға әкелуі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

26.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

26.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.





26.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

26.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не тенге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

26.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не (валютаны көрсету) жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны (Тараптар келісетін валютаны көрсету) («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

26.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша (басқа елдің баламалы Ұлттық Банкі көрсетілсін) жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

26.10. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар айырбастайтын Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі керек.

26.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасаған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

26.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.


26.13. Осы Шартқа қоса берілген барлық қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың орындауы үшін міндетті.

27. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

Өзенмұнайгаз АҚ
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен Қ.Ә., Жаңаөзен қ., ул.
Сатпаева,, дом 3, 402
БСН 120240020997
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ766010351000157065
АО “Народный Банк Казахстана”
Тел.: +7 (729) 346-3110

БСН _____
БСК _____
ЖСК _____

Тел.: _____






Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚКС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
140 Р	Тұрғын емес ғимараттардың/құрылыстардың/үй-жайлардың жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар, Тұрғын емес жайлар ғимараттарының/құрылыстарының/үй-жайларының жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар (оның ішінде дизайн, интерьер)	«ӨЭМБ 2-ТЭС және 4-ПТУ қызметкерлері үшін ТШК құрылысы» нысаны бойынша ЖСҚ әзірлеу	1.000	1.000	-		15 546 321.23	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Жанаөзен Қ.Ә., Жанаөзен к., г. Жанаөзен	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2025 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%
141 Р	Тұрғын емес ғимараттардың/құрылыстардың/үй-жайлардың жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар, Тұрғын емес жайлар ғимараттарының/құрылыстарының/үй-жайларының жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар (оның ішінде дизайн, интерьер)	«2-МГӨБ 6-СҚК қызметкерлері үшін ТШК құрылысы» нысаны бойынша ЖСҚ әзірлеу	1.000	1.000	-		6 873 061.21	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Жанаөзен Қ.Ә., Жанаөзен к., г. Жанаөзен	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2025 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%
142 Р	Тұрғын емес ғимараттардың/құрылыстардың/үй-жайлардың жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар, Тұрғын емес жайлар ғимараттарының/құрылыстарының/үй-жайларының жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар (оның ішінде дизайн, интерьер)	«4-МГӨБ СЖЖЦ үшін ТШК құрылысы» нысаны бойынша ЖСҚ әзірлеу	1.000	1.000	-		15 546 321.23	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Жанаөзен Қ.Ә., Жанаөзен к., г. Жанаөзен	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2025 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%
136 Р	Тұрғын емес ғимараттардың/құрылыстардың/үй-жайлардың жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар, Тұрғын емес жайлар ғимараттарының/құрылыстарының/үй-жайларының жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар (оның ішінде дизайн, интерьер)	«2-МГӨБ 2-ӨҚКОБ үшін ТШК кеңейту және күрделі жөндеу» нысаны	1.000	1.000	-		15 546 321.23	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Жанаөзен Қ.Ә., Жанаөзен к., г.	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем


Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





		бойынша ЖСҚ әзірлеу						Жанаозен		(қоса алғанда) 12.2025 дейін.	- 10%
137 Р	Тұрғын емес ғимараттардың/құрылыстардың/үй-жайлардың жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар, Тұрғын емес жайлар ғимараттарының/құрылыстарының/үй- жайларының жобаларымен байланысты сәулет саласындағы жұмыстар (оның ішінде дизайн, интерьер)	«2-МГӨБ 12- МГӨЦ үшін ӨТК кеңейту және күрделі жөндеу» нысаны бойынша ЖСҚ әзірлеу	1.000	1.000	-		15 546 321.23	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен Қ.Ө., Жаңаөзен қ., г. Жанаозен	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2025 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%





Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.





Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы № _____


Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушылары болып табылмайтын ұйымдармен жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық бағасы	коэффициент 1 тең, егер шартты қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушысы орындайтын болса, әйтпесе коэффициент 0 тең;	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5	6	7(=(4-5)*6)
						0,00
						0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6 (= $\sum 7(\text{кесте 1})/5*100\%$)
					100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке работ № _____

г. _____

«__» _____ 2025 г.

Акционерное общество "Озенмунайгаз", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. Не допускается указание Подрядчиком в предпроектной и (или) проектной (проектно-сметной) документации на товарные знаки, знаки обслуживания, фирменные наименования, патенты, полезные модели, промышленные образцы, наименование места происхождения товара и наименование производителя, а также иных сведений и/или документов, которые указывают на принадлежность приобретаемого товара, работы, услуги отдельным потенциальным поставщикам, за исключением следующих случаев: 1) приобретения товаров, работ и услуг для доукомплектования, дооснащения, унификации или обеспечения совместимости с имеющимися товарами, работами и услугами, а также для дальнейшего технического сопровождения, сервисного обслуживания и ремонта, в том числе планового ремонта (при необходимости), основного (установленного) оборудования; 2) приобретения товаров, работ и услуг для исполнения заказчиком обязательств по договору, заключенному им в качестве поставщика с нерезидентом Республики Казахстан, и наличия в данном договоре соответствующих указаний на товарные знаки, знаки обслуживания, фирменные наименования, патенты, полезные модели, промышленные образцы, наименование места происхождения товара и наименование производителя, а также на иные сведения и (или) документы, которые определяют принадлежность приобретаемых товаров, работ, услуг отдельному потенциальному поставщику либо производителю.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется выполнить работы (далее - Работа), в соответствии с условиями настоящего Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

2. ОПРЕДЕЛЕНИЯ

2.1. В Договоре применяются нижеследующие определения:

2.1.1. «Авария» означает событие, произошедшее в результате действий и/или упущений Персонала Подрядчика/Субподрядчика, влекущее невозможность продолжения Работ в нормальном и безопасном технологическом режиме.

2.1.2. «Акт выполненных работ» означает электронный документ подписываемый обеими сторонами посредством электронной цифровой подписи свидетельствующий о факте выполнения всех и/или части Работ Подрядчиком и соответствующем принятии результатов таких Работ Заказчиком.

2.1.3. «Гарантийный срок» означает срок, в период которого Подрядчик обязуется за свой счет и своими средствами исправить дефекты или брак в выполненных по настоящему Договору Работах, обнаруженные Заказчиком при использовании их результатов.

